

Аллергиялық васкулит

Орындаған: Сейіткәрім Х.Қ

Қабылдаған: Ергешқожаева Г

Жоспар:

❖ Кіріспе

Негізгі бөлім

- ❖ Этиологиясы
- ❖ Патогенезі
- ❖ Патогистологиясы
- ❖ Классификациясы
- ❖ Симптомдары
 - ❖ Емі

❖ Қорытынды

❖ Пайдаланылған әдебиеттер



Аллергиялық васкулит дегеніміз-аллергиялық реакциялардың әсерлерінен туындайтын тамыр қабырғасының қабынуы аурулары.

Аллергиялық васкулит жеке ауру тобы болып саналады себебі оның терідегі бөртпелері әр түрлі сипатта болады.

Аллергиялық васкулит кез-келген жаста әйелдер мен еркектерде кездесу жиілігі бірдей.

Аллергиялық васкулитті клиникалық көрінісіне, бөртпе түріне, тереңдігіне, орналасуына байланысты жіктейміз.

- * геморрагиялық васкулит (синонимы - анафилактикалық пурпура, капилляротоксикоз, Шёнлейна - Геноха ауруы);
- * папуло-некротикалық васкулит (Вертера - Дюмлинг синдромы);
- * полиморфты васкулит (Руитердің аллергиялық артериолиті);
- * уртикарлы васкулит (некротикалық уртикартипті васкулит);
- * түйінді васкулит (түйінді эритема);
- * Түйінді-жаралы васкулит (созылмалы түйінді эритема).

- * Тағыда аллергиялық васкулитті терең жіне беткей деп бөлеміз.
- * Алғашқыда тереңде орналасқан артерия мен вена зақымдайды, кейінен капилляр тамырлар және майда веналар зақымдалады.

Этиологиясы

- * Аллергиялық васкулит плейэтиологиялық сипаттағы ауру деп санауға болады.
- * Осы уақытқа дейін аллергиялық васкулиттің нақты себебі анықталмаған, оны нақтылау үшін бірнеше зерттеулер мен анамнез жинау барысында анықтауға болады. Егерде науқас:
 - * 1) вирусты және инфекциялық аурулармен ауырған болса; олардың ішіндегі көбінесе стафилакокктар, стрептококктар, ал туберкулездің, вирустың микобактериялары аз кездеседі.
 - * 2) медициналық препараттарға аллергиялық реакция тудыратын болса; оның ішіндегі сульфаниламидтер мен антибиотиктерге сезімталдығы жоғары болғанда;
 - * 3) иммунды жүйенің организмге реакциясы;
 - * 4) Шегрен синдромының асқынуы болса;
 - * 5) ревматоидты артрит;
 - * 6) герпес;
 - * 7) зат алмасу үрдісінің бұзылыстары болса;
 - * 8) бауыр аурулары;
 - * 9) жүрек жетіспеушілігі;
 - * 10) қызамық

Патогенезі

Аллергиялық васкулит жалпы Артус типті иммунологиялық реакцияның төмендеуі, жасушалық реакцияның баяулауы немесе Швартцманның феномені және Санарелли – Здродовскийдің феномендерінде сипатталады. Аллергиялық васкулитте негізгі патогенездік рольді иммунологиялық процесс маңызды; науқастың қанының құрамында микробты антител табылады. Ең маңызды рөлді патогенезде инфекциялық-токсикалық фактордың әсерінен қан тамырдың структурасы өзгереді.

Патогистологиясы

* Аллергиялық васкулиттің патогистологиясы оның генезіне байланысты: эндотелийдің дегенерациясы мен оның ісінуімен сипатталады, қан тамырдың қабырғасы тез арада фибриноидты некроз дамуымен, тромбтардың түзілуімен, лимфоидты инфильтрат,экстраваттармен көрініс береді.

Симптомдары

- * Аллергиялық васкулит кезінде терідегі бөртпелер әр түрлі сипатта болуы мүмкін. Әр түрлі сипаттың әсерінен пайда болатын бірнеше симптомдарды айтуға болады:
- * 1) сары-қоыр түс беретін дақ
- * 2) тамыр жұлдыздары
- * 3) геморрагиялық дақтар
- * 4) түйіндер
- * 5) эритематозды дақтар
- * 6) папулла, пастула
- * 7) теріастылық түйіндер, т.б

Бөртпе адам организміне барлық жеріне локализация береді. Көбінесе науқас геморрагиялық васкулитте іштің тқменгі бөліне бірден ауырсыну беріп, ішектен қан кетуі мүмкін. Сонымен қатар науқаста әлсіздік, бастың ауруы және жалпы жағдайы нашарлайды.

Ең қауіптісі ол балаларда кездесетін аллергиялық васкулит. Себебі бала организмі бұндай ауыр бұзылыстармен күресе алмайды, қан тамырлары мен органдардың бұзылысы сияқты. Геморрагиялық васкулит сияқты дене температурасы өте жоғары болады, жағдайы күрт нашарлайды.

Аллергиялық васкулиттің әсерінен басқа да органдардығы өзгерістер

- * 1) буындардағы өзгерістер: кішкене ісінулер, ауырсыну кейде тері сатылық буын айналасындағы гематомалар. Аяқ-қол буындары, иық және де басқа кішкентай буындарда жиі кездеседі.
- * 2) ас-қорыту жолдарындағы өзгерістер: лоқсу, құсу, іш айналасындағы спастикалық ұстама сияқты ауырсынулар бұндай симптомдар көбінесе балаларда және жас өспірімдерде жиі кездеседі.
- * 3) жүйке жүйесінде өзгеріс болу үшін ең алдымен мидың қай бөлігінде қан құйылу болғанын анықтау керек және оны дәрігер-неврологпен шешіледі.
- * 4) несеп шығару жүйесіндегі өзгеріске несептегі белок, эритроцитердің болуы бел аймағындағы ауырсынумен сипатталалы. олардан басқа организмде жалпы жағдайдың нашарлауы, дене температурасының жоғарлауы, әлсіздік, тәбеттің төмендеуі жатады.

Емі

- * Аллергиялық васкулиттің емі консервативті.
- * Антигистаминді препараттар, кальций медикаменетозды дәрілер. Қан тамырдың жағдайын жақсартатын дәрілер беріледі. Қажет болған жағдайда антибактериалды терапия қолданылады. Аллергиялық васкулиттің симптомдарын жою барысында сыртқа қолданылатын гельдер, жақпалар беріледі. физиотерапевтік емдер қолданылады.